ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «И.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ № 5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120019, Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі №10,
Тел.факс: 8 (7242) 27 63 83
Электрондық почта: 5_mektep@mail.ru

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №5 ИМЕНИ И.В.ПАНФИЛОВА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120019, город Кызылорда, улица Е.Ауелбекова №10,
Тел.факс: 8 (7242) 27 63 83
Электронная почта: 5_mektep@mail.ru

БҰЙРЫҚ
22 тамыз 2024 жыл №66
Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ
_____№_____
город Кызылорда

Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 10 шілдедегі № 174 бұйрығы, Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің 22 шілде 2024 жылғы 2655 санды хатын негізге ала отырып 2024-2025 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. №5 мектеп-лицейінің оқу-тәрбие үдерісінде 2024 - 2025 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:
2024 жылғы 1 қыркүйек-2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:
1-11 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:
1-тоқсан - 8 оқу аптасы, күзгі демалыс-күнтізбелік 7 күн
(2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда)
2- тоқсан 8 оқу аптасы, қысқы демалыс-күнтізбелік 10 күн
(2024жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда)
3-тоқсан-10 оқу аптасы, көктемгі демалыс-күнтізбелік 11 күн
(2025 жылғы 21-31 наурыз аралығында)
1-сыныптарда қосымша демалыс- күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпан аралығында)
4-тоқсан-8 оқу аптасы
2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:
9-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары –
2025 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;
11-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – **2025 жылғы 30 мамырдан бастап 13 маусым аралығында.**
3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:
9 -сынып оқушылары үшін:
1)математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) –
2025 жылғы 29 мамыр;
2) қазақ тілі/орыс тілі және өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – **2025 жылғы 02 маусым;**